



АУЫЗ СУ

Су – тіршілік нәрі. Шымкент қаласына қарайтын Испиджаб тұрғындары тіршілік көзінен айырылып, құрт-құмырсқа аралас лай сумен өзек жалғап отыр. Қара суға жарымаған қарашаның хәлін біз де өз көзімізбен көрдік. Өткен аптада Шымшаһарға жолымыз түскен. Қалаға қарайтын 10 мың тұрғыны бар Испиджабтан мөлдіреп аққан таза су таппай қатты қиналды.

Өйткені, жана тартылған құбырдан лай су ағады. Бұрынғысына зар болған Раушанбек Шәмшіметов есімді азамат «Судың өзі сапасыз. Лай болып келеді. Ішінде құрт-құмырсқа жүреді», — деп шағымданды.

Ауылға ауыз суды 2007 жылдан бастап тартқан. Ол кезде Испиджаб Сайрам ауданына қарапты. Мердігер компанияның ісі шала болған соң, басшысы сотталып кетеді. Жұмыс тоқтап қалған. Тек осыдан 4 жыл бұрын ғана Шымкент қаласы әкімдігі иесіз қалған нысанды өз меншігіне қабылдап алады. Қыруар қаржыға жүргізілген тіршілік нәрінің құрылысын аяқтауға қосымша 700

ҚАЛАДА СУ ІЗДЕП ЖҮР

Әңгімені басынан бастайық. Ауылға осыдан 12 жыл бұрын ауыз су құбыры тартылыпты. Тандай жібіткен қара судың тағдырын жол жөндеумен айналысатын әлдебір компанияның жұмысшылары көшені қазған кезінде су құбырын жарып кетіпті. Тіпті қазір Испиджабта жарық та, интернет те жоқ. Оны да жол жөндеген әлгілер бүлдірген көрінеді.

Аулада тұрған кран шүмегі сусыз қаңсып қалған. Кейде екі-үш сағат қана тамыздықтай тамады екен. Соның өзін қанағат қылған ауыл тұрғындары шүмек күзетіп, лай суды тұндырып ішуге мәжбүр. «Қазақстан» ұлттық телеарнасына берген сұхбатында Шымкент қаласының тұрғыны Мехриниса Жүнісметова: «Су келе қалса, бірден шелекке толтырамыз. Оған жиналған су ешнәрсеге жетпейді. Кір жуатын болсаң, тіпті лай судың өзіне зар боласың. Ауыз судан қысылғанда, шелегімізді көтеріп көршілердің үйіне қыдырып кетеміз», — дейді.

Тұрғындардың айтуынша, ауылға жанадан су құбыры тартылған. Сонда да жұрт күткен мөлдір тамшы келмейті.



миллион тенге бөлінеді. Шымкент қаласы энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Нұрлан Жаманқозов: «3-5 жыл болған құбырларға ревизия жасап жатырмыз. Алдымен смета жасап, содан кейін ғана нақты қаражат бөліп, қалған жұмысты аяқтап, суды қосуға әрекет жасаймыз», — деп тұрғындардың көңілін жұбатады.

«Жығылғанға жұлдырық» дегендей, ауыз суға жарымай отырған жұрт енді тратуардан да таршылық көруде. Жол жөндегендер қаз-қатар тұрған телефон бағаналарын сол күйінде қалдырып кетіпті. Түбі шіріп құлағалы тұрған бағаналар жаяу жүргіншілер жолағының ортасында қалып қойыпты.

(Жалғасы 3-бетте)

ЖАНАЙҚАЙ

ҮӘДЕ БЕРІП ОРЫНДАМАДЫ

Алматыда екі ай бойы жалақы алмаған жұмысшылар наразылыққа шықты. Олар табан ет, маңдай төріңді төккен еңбекке дұрыс жалақы ала алмаудан артық азап жоқтығын айтады.

Жұмысшылар «Ұлжан-2» шағынауданында жол жөндеген. Алайда еңбекақысына қол жеткізе алмаған құрылысшылар жұмысқа шығудан бас тартты. Жыл аяғына дейін 21 көшедегі жөндеу жұмысы аяқталуы тиіс еді. Әзірге жоспарланған жұмыс тек жартылай ғана бітіпті. Жұмысшылар «Еңбекақыны алмай орнымыздан қозғалмаймыз» — дейді. Олардың басым бөлігі қалаға оңтүстік өңірден келген. Барлығы бір-бір үйдің асыраушылары. Еңбекақысына қолы жетпей жүрген азаматтардың бірі Алматы телеарнасына берген сұхбатында Ізет Мұратов: «Бізге әр айдың 10-ына дейін айлық береміз деп үәде еткен-ді. 10-ынан асып кетті. Бәріміздің несиеміз, қарызымыз бар. Қызылорданың Қазалы ауданынан осы жерге жұмыс істеуге келдім», — дейді.

Ал мердігер компания басшылығы орнында болмай шықты. Жұмысшылардың «келсін» деген өтінішін де елемеген. Жиналған жұрттың сұрақтарына компанияның жалғыз өкілі, құрылыс тобының бригадирі жауап берді. Оның сөзіне қарағанда, жалақы тек 10 күн ғана берілмей қалған көрінеді. Мұндай жағдай бірінші рет болса керек. «Дәулет-дорстрой» ЖШС құрылыс бригадасының басшысы Айбар Әубәкіров «Біз тек бір айдың жалақысын беруіміз керек. Аумақ басшысы жұмысшыларға аванс беру үшін кенсеге кетті», — деп түсіндірді.

Құрылысшылардың сөзінше, жалақының берілмеу себебі — қаржылай қиындық болған. «Тапсырыс беруші қалалық мобильділік басқармасы қаржыны толық



аудармаған. Сол себепті біздің еңбекақымызды кешіктіріп жүр», — деді жұмысшылар. Ал басқарма белгіленген қаражат мердігер компанияға уақытылы аударылғанын алға тартуда.

Ал Алматы қаласы мобильділік басқармасының бөлім басшысы Асан Бостанов «Дәулет-дорстрой» ЖШС ішкі мәселесіне қатысты ештеңе айта алмаймын. Мердігер компания «Ұлжан-2» шағынауданында жол құрылысын жүргізіп жатыр. Жүргізілген құрылыс жұмысына сай қаржы игерілген. Қазіргі таңда біздің тарапымыздан берілген өтініш бойынша республикалық бюджеттен қаражат бөлінеді деп күтіп отырмыз. Оған қоса, жергілікті бюджеттен қосымша қаржы қарастырылады деп жоспарлануда», — деді.

Құрылысшылардың жалақысы нақты қашан берілетіні белгісіз. Соның кесірінен құрылыс жұмысы кешігуде. Мұндай қарқынмен Алатау ауданындағы бірнеше көшеге сапалы жол бүгін-ертең төселмейтін сияқты.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Биыл жоғары сынып оқушыларына арналған бағдарламаға өзгеріс енгізілді. Оған сәйкес, 10-11 сыныптағылар білім бағытын таңдауы қажет. Бағыт екеу: қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математика. Оқушы өз таңдауын жасағаннан кейін екі пән тереңдетіп оқытылады. Қалған пәндерге сағат аз бөлінеді. Ата-ананың көбі осыған алаңдаулы. Олар «Оқытылмай қалған пәндер ЖОО-да алдынан шықса қиналып қалмай ма? Кейінірек мамандығын өзгерткісі келсе не істейді?» деген сауалдарға бас қатыруда. Мектеп бағдарламасындағы өзгерістерге қатысты сауалды біз Мәжіліс депутаты Ирина Смирноваға жолдаған едік.



БАЛА МАМАНДЫҚ ТАҢДАУЫ ТИІС!

Jas qazaq: Білім және ғылым министрлігі мектеп бағдарламасына жиі өзгеріс енгізеді. Мұндай өзгертулер білім беру сапасын жақсартпа ма?

Ирина Смирнова: Білім беру — 2 жастан бастап әрмен қарайғы жастағы барлық азаматтарға қатысы бар консервативтік сала. Ұстаздарды былай қойғанда, тәрбиеленушілер мен оқушылар, ата-аналар мен туған-туыс, қысқасы, бәрі тартылған. Сондықтан да білім жүйесіндегі кез келген өзгеріс-жаналықтар көптеген топты қамтиды. Оның үстіне білім беруде дәстүр мен ұстаздықтың тамыры терең. Мұнда әбден қалыптасқан әдетті өзгертудің сынға ұшырайтыны да содан. Қандай да бір реформа тек білім беру саласын ғана емес, тұтас жанұяның өмірін өзгертеді. Мәселен, 1-4 сыныпта баланы мектепке міндетті түрде апарып, алып қайту қажеттілігін алайық. Бұл ата-ананың біреуі жұмысты қойып, тек сонымен айналысуы керек пе, әлде бала күтуші немесе жүргізуші жалдау керек пе? деген мәселені шешуге мәжбүрлейді. Бір-біріне қарама-қайшы келетін, қандай да бір өзгерістің тиімділігі немесе кері әсері туралы ақпарат та реформаларға қарсы шығуға итермелейді. Оған қоса, білім және ғылым министрлігі тарапынан академиялық жылдың құндылығы талаптарын сақтамау, пилоттық жобаларды еш талдаусыз, апробациясыз енгізуі, әлбетте, өзгеріс атаулыны жағымды ете қоймайды.

Jas qazaq: Сіз жоғары сыныпқа арналған мектеп бағдарламасына және ҰБТ-ға дайындық мәселесіне қатысты өз пікіріңізді айтып жүрсіз. Бағдарламала қандай нәрсе көңіліңізден шықпады?

Ирина Смирнова: Жоғары сыныптар немесе тіпті көптеген мектептер салалық болуы тиіс. Балаға жоғары сыныпта 9 жыл оқығанын қайталаппай, мектеп қабырғасында келешек мамандығын таңдауға мүмкіндік беру керек. Белгілі бір машықтарды игеруге ықпал ететін әрі оқытылуға міндетті пәндерді сақтай отырып, нақты таңдау жасағаны дұрыс деп ойлаймын.

Jas qazaq: Бізде білім министрлері оқу бағдарламасын өзге елдермен салыстыруға құмар. Сіздіңше, осы дұрыс па? Әлде тың нәрсе ойлап табу керек пе?

Ирина Смирнова: Әрине, салыстырған дұрыс. Алайда біздегі нақты жағдайды ескермей, халықаралық тәжірибені сол қалпында енгізе салуға болмайды. Біз өзге елдердің тәжірибесіне сүйеніп, олардың жіберген кемшілігін қайталамай, керісінше, жетілдіре отырып, пайдалануымыз керек.

Сұхбаттасқан
Макпал НОҒАЙБАЕВА

КЕЗДЕСУДІ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРМАҢЫЗ

Отбасыңызбен жылы әрі жайлы атмосферада көрісу мүмкіндігін пайдаланыңыз.

air astana

Сертификат № KZ 01/032 11.04.2019

БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)	57,12
DOLLAR	388.87
EURO	424,53
РУБЛЬ	5,95

ҮКІМЕТ

Аға ұрпақтың ми қатпарында қатып қалған «байланыс жоқ» деген сөздің ұмытыла бастағанына да біраз жыл болды. Ал ендігі жерде осы салаға қазіргіден де күшті басымдық берілмекші. Нақтырақ айтсақ, қаладан қашықта орналасқан елді мекендер мен шалғайдағы шаруашылықта тұратын жұртпен өмін-еркін сөйлесіп, камера арқылы да кедергісіз жүздесетін боласыз. Ол үшін қалта телефоныңыз болса жеткілікті. Бірде ұстап, енді бірде ұстамай қалатын желілерге жан біртүрін жұмыстар ел өміріне елеулі өзгеріс енгізбекші. Бұл бағыттағы жұмыстар сәтті іске асса, өңірлерді дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2022 жылға дейін 5 мыңнан астам елді мекен, яғни ауыл тұрғындарының 97 пайызы интернетпен қамтамасыз етіледі.

Бірінғай бағдарлама елді мекен тұрғындарының электронды қызметтер мен сервистерге, медициналық қызметтерге қол жеткізуіне және білім алуына, электрондық сауда-саттық жасауына, сондай-ақ өмір сүрудің жаңа стандартына жаппай көшуіне жол ашады. 2020 жылға қарай өңірлерде, соның ішінде Алматы қаласында 5G тиімді пайдалану жөнінде тиісті жобалар керек. Осы аптада өткен Үкімет отырысында Премьер-Министр Асқар Мәмин. Осыған байланысты Үкімет басшысы құзырлы орындарға — цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне байланыс операторларымен бірге өңірлерде оптикалық байланыс желілерін салу мен ауылдарды жылдамдығы жоғары интернет желілерін қосу жұмысын жеделдетуді тапсырды. Отырыста А.Мәмин: «5G енгізу тек телекоммуникация саласына ғана емес, өнеркәсіптің жаңа салаларының пайда болуы мен дамуына елеулі серпін беріп, экономиканың дамуына үлкен үлес қосады. Бұл — әлемдік тренд. Алайда 5G өте қымбат. Сондықтан 5G пайдаланудың басымдығын дұрыс анықтап алу қажет. Ірі қалаларда осы байланысты енгізу бойынша жұмыстар қазірдің өзінде басталды. 2020 жылға қарай өңірлерде, соның ішінде Алматы қаласында 5G тиімді пайдалану жөнінде тиісті жобалар керек. Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі интернет сапасына назар аудару керек. Әсіресе әлеуметтік нысандарда, мектептер мен ауруханаларда жылдамдығы жоғары

интернет сапалы болуы тиіс. Бұл электрондық оқулықтар мен оқу бағдарламаларын, телемедицина мен акпараттық жүйелерді пайдалану үшін қажет. Осы мәселені білім, денсаулық сақтау министрліктерімен, өңірлердің әкімдіктерімен бірге шешуді тапсырамын», — деді. Әрине, соңғы сөз цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Асқар Жұмағалиевке қарата айтылғаны түсінікті. Негізгі шаруаны атқаратын да солар. Ал министр осы мәселеге берген түсініктемесінде: «Біріншіден, 5G енгізу үшін үкіметтен ақша бөлінбейді. Өйткені, бұл жеке операторлардың жұмысы.

болады. Ал қуатты құрылым болған жерде ешнәрсе де байлынысқа бөгет болмайды екен. Осы орайда, Щучинск-Бурабай аймағында Ақмола облысы әкімдігінің қолдауымен базалық стансаларды орнатуға мүмкіндік берген жұмыстар жүргізілгенін айта кеткен жөн. Нәтижесінде аймақта ұялы байланыс сапасы жақсарған. Енді жұмыс Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігімен жүргізілуде. Одан кейінгі кезекте Павлодар, Алматы қаласы тұр. 5G енгізу ел экономикасын цифрландыру үшін аса маңызды және көптеген мәселелерді шешуге септігін тигізбек. Айталық, «ақылды қалалар» кіріктірілген технологиясын енгізу, көлік жүйесін цифрландыру,

5G: ҒАЛАМАТ МҮМКІНДІК



Екіншіден, 5G технологиясы қымбат болғандықтан, ең алдымен қалаларда енгіземіз. Техникалық жабдықтарын компаниялармен ақылдасамыз. Қазіргі таңда дүниежүзінде де 5G тек қана қалаларда енгізіліп жатыр. Бірақ болашақта мүмкіндік болып жатса, шағын елді мекендерге де енгізу жағын қарастырамыз», — деді. Дегенмен, жұртты толғандыратын сұрақтар да барын жасырмау керек. Ол 4G-ден 5G технологиясын көшкен кездегі байланыс тарифтеріне қатысты сауал. Бұл туралы министр 3G-ден 4G-ге, тіпті 5G-ге ауысқан кезде де баға өзгермейтіндігін қадап айтты. Байланыс сапасының төмен болуы мобильді желі байланысы операторларының жұмысына ғана байланысты емес, кейде қажетті инфрақұрылымның болмауы да кедергі

қауіпсіздікпен байланысты мәселелер де осыған тіреліп тұр. Қазіргі кезде 5G 6 сынақтан өтіп, ол түрлі клиенттік терминалдар — 5G смартфондары мен 5G модемдерін пайдалану арқылы барлық үш вендордың (Nokia, Ericsson, Huawei) 5G NR жабдығы базасында жүргізілген. 5G желілерінде деректерді беру жылдамдығы 4G көрсеткіштерінен 10-100 есе артық екен. Қысқасы, быыл 685 ауыл интернет желісіне қосылады. Қазірдің өзінде 117 қала мен 3 324 ауылда кен жолақты интернет жұмыс істеп тұр. Бытыр еліміз әлемдік рейтингте ұялы байланыс абоненттері бойынша 21-орынға ие болып, интернет пайдаланушылар саны 81,3 пайызға жеткен.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ



Бердібек САПАРБАЕВ,
Премьер-Министрдің орынбасары:

«Көрсеткен нәтижелер өте нашар! Бокстан жалпыкомандалық есепте 3-ші, ауыр атлетикада – 12-ші, күресте – 14-ші орын. Жалғыз алтын медаль боксшылардың еншісінде. Ал министрлік, Ұлттық Олимпиада комитеті, федерациялар мен демеушілер тарапынан қолдау жеткілікті. Олай болса, неге жоғары нәтиже болмайды? Тиісті министрлік бұл жұмысты үйлестіруі мардымсыз. Спорт – бүкіл елдің беделі мен абыройы. Жіберілген қателіктен сабақ алып, Токио Олимпиадасында жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін жұмыс істеніздер. Уақыт аз қалды».

Сөз-Жебе

Инфографика

ҚАЗАҚСТАН:
ДӘРІ ИМПОРТЫ (келі)

РЕСЕЙ – **5,5 млн**
ҚЫТАЙ – **2,2 млн**
ГЕРМАНИЯ – **1,3 млн**
ҮНДІСТАН – **1,2 млн**
ТҮРКИЯ – **651,7 мың**
ФРАНЦИЯ – **630,7 мың**
БЕЛАРУСЬ – **579,2 мың**
ӨЗБЕКСТАН – **419,9 мың**
УКРАИНА – **443,1 мың**



Дереккөзі: km.kz



Берік ШОЛПАНҚҰЛОВ,
қаржы 1-ші вице-министрі:

«Субсидия беру жүйесін жетілдіруге келсек. Иә, министрліктің өтініші болған. Олар бұрын берілген қаржының тиімділігін, қалай жұмыс істейтінін, дәлелдеуі тиіс екендігі Жолдау аясында айтылған-тұғын. Қаржы министрлігі осыдан кейін барып ақша бөлу жөнінде мәселені қарауға дайын еді. Өкінішке қарай, осы пысықтау кезінде әлгі талдау ұсынылған жоқ. Сондықтан мәселені кейінге шегердік».

АНТИ
ЕЗА



Мұрат ТЕМІРЖАНОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Сіз білесіз бе, өңгіме министрлікте емес, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерде. Үміті суға көткелі тұр. Олар мемлекетке сенді. Сөйтіп, машина-трактор паркін жаңартуға кірісті. Мал сатып ала бастады. Енді келіп, мемлекет беретін көзде сіздер «біз бермейміз» дейсіз. Бұлай болмайды. Егер сіздер бір бағдарламаны қолға алсаңыздар, оны аяғына дейін жеткізуге тиіссіздер!».

Әлеумет.t⁰

КҮРДЕЛІ КҮРМЕУ

Біреулерге әлеуметтік желі таптырмас ұртоқпаққа айналды. Әсіресе, шен-шекпенділерге жұдырығын түйетіндерге таптырмас құрал. Қалың бұқара мәселенің мәнісіне бармай, ақ-қарасын ажыратпай жатып, қосыла шулайды. Нұрсұлтан Күдебаевтың өлімінен кейін дәрігерлер төнірегіндегі дау-дамай осыны көрсетті. Тіпті әлеуметтік желіде отырған жазғыштардың көбі полицейлердің өз құқығын асыра пайдаланатын «мүмкіндіктерін» тілге көбірек тиек еткені анық. Әдетте дәрігерлерді айыптап жататындардың бәрі «абзал жандар» жағына жығыла қалды. Өйткені, бұл істе жәбірленуші тарап — ұлынан айырылып, қара жамылған отбасы емес, дәрігерлер сияқты болып көрінді. Осы аптада ақ халаттылардың әрекетінен зардап шеккендердің құқығын қорғаған белгілі адвокат Айман Омарова баспасөз жиын өткізді. Баспасөз өкілдеріне айтқан сөзінде ол: «Күдебаевтың ұлы қайтыс болған кезде, қоғам екіге бөлінді. Бірі полицияны кінәласа, келесі топ дәрігерлерді жақтады. Менің де полиция туралы көзқарасымның қандай екенін білесіздер. Олар істі дұрыс жүргізбейді, созады, тағы басқа да кемшіліктер бар дегендей. Бірақ, бұл дәрігерлерді ақтамайды. Және олар тиісті жауаптан жалтарып кете алады деген сөз емес. Дәрігер анестезия жасаған кезде немесе қажет емес мүшені алып тастаймын деп басқа мүшені зақымдағанда, ол туралы сараптаманы да, құжаттарды да оның әріптестері толтырады. Бірақ олардың кінәсін дәлелдеу қиын. Күйеуіне көмектескісі келіп, оның әйелі Президентке жүгінеді. Ер адам босатылып, ол ісжүзінде батырға айналды. Тоқаев оны босатыңыз деп айтпады. Қылмыстық істі тоқтату туралы да айтқан жоқ», — деді. Демек, дәрігерлер Мемлекет басшысын алдап отыр деген сөз.

Шындығында, марқұм Нұрсұлтан Күдебаев бұғанасын сындырып алғаннан кейін ауруханаға өз аяғымен барыпты. Жәбірленуші тарап оған дәлел ретінде марқұмның қолы танулы күйде ауруханаға кіргенін және №7 қалалық клиникалық ауруханадан №4 ауруханаға ауыстырылған кездегі есіктен шығып бара жатқан видеосын да көрсетті. Жәбірленуші тараптың айтуынша, операция жасау кезінде Күдебаевтың миы өліп қалған көрінеді. Марқұмның ағасы Бақтияр Әбдірайымов баспасөз жиынында «Оны Германияға мен алып бардым. Міне, видеоға қарсаңыздар, бізді әуежайдан Тезекбаевтың өзі шығарып салып тұр. Яғни, оның «Наукасты алып жүруге қарсы болдық» дегені де өтірік. Мына құжаттарда бас дәрігердің «Басқа жакқа ауыстыруға қарсы болмаймын» деген қолы мен мөрі тұр», — деді. Айман Омарованың айтуынша, наукас шынтуайтында Германияда емес, елде көз жұмған. Ал дәрігерлер жауапкершіліктен құтылудың әртүрлі жолын қарастырған көрінеді. Сонымен бірге, ол Күдебаевтың не себепті қайтыс болғаны туралы сараптама да жасалатынын айтты. Ескерте кетейік, биылдың өзінде Алматыда дәрігерлер қателігінен болған 136 қылмыстық іс тіркелген. Ал ауруханаға өз аяғымен келіп, отадан тұрмай қалған Нұрсұлтан Күдебаевтың ісі күрмеліп, күрделіленіп барады.



Жарас ШӨКЕ

ДӘРІГЕРДІ ӘБІГЕР ҚЫЛДЫ

Басымыз ауырып, балтырымыз сыздағанда, дәрігерге жүгіреміз ғой. Ал дәрімізінде дауа, жанымызға шипа беруге келген медицина қызметкерін соққыға жыққанды кім көріпті? Үйге кірген жыланның да басына ақ тамызатын ел емес пе едік?!



Әңгіме былай. Семей қаласының тұрғыны үйіне жедел жәрдем шақырады. Келген дәрігерді ұрып, мұрнын сындырады. Миы да шайқалыпты. Оқиға қысқаша былай болған көрінеді: Жүкті әйелдің іші ауырыпты. Күйеуі дәрігер шақырған. Олар «түсік жасау қаупі бар» деп, әйелді өздерімен бірге алып кетпек болады. Бірақ арақ ішіп алған азамат сүйіктісін қызғанып, дәрігерлерден ауыртпайтын дәрі егуді талап етеді. Ерегестін соны төбелеске ұласыпты. Әйелдің күйеуінен жеген таяққа қарамастан, ақ халаттылар наукасты ауруханаға алып кеткен. Ал жұдырығы жуан жігіт полицияның алдынан бір-ақ шығады.

Түйткіл

«Халық коммунистері» фракциясына келіп түсетін арыз-шағымдарды зерделеп қарап, талдау жүргізетін болсақ, жергілікті жерлердегі мемлекеттік аппараттың тиімсіз жұмысы ондағы әлеуметтік шиеленістерді шешудің орнына оны одан әрі күрделендіріп отырғанын көруге болады. Айталық, азаматтардың көбі зейнет жасына жетіп, зейнетақысын рәсімдеу барысында мемлекеттік зейнетақы төлеу орталықтарындағы мемлекеттік қызметшілер тарапынан өздеріне қажетті, тиісті көмекті ала алмайды. Нәтижесінде зейнетақы тағайындау барысында заңды табысының бір бөлігінен қағылып, конституциялық құқы тапталады. Мұндай жағдайларға, әсіресе құқықтық сауаты төмен, қарапайым еңбек адамдары тап болады. Осындайда бір шенеуніктің шалағай жұмысы бүкіл бір отбасының тұрмыс-тіршілігіне, яғни қоғамдағы көптеген осындай отбасылардың күнкөрісіне тікелей әсер етеді.



ЕҢБЕК КІТАПШАСЫ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛАДЫ

Жақында менен жәрдем сұраған азаматшаның басынан өткен жағдайы, жергілікті жерлердегі зейнетақы тағайындау орталықтарындағы ахуалдың маз емес екендігін көрсетті. Қарағанды облысының Шет ауданынан келген Ардақ Жұмашева өмір бойы «Қоңырат» шаруашылығында (*совхозында*) еңбек етсе де, зейнетке шығу кезінде еңбек өтілін дәлелдей алмай, ең төменгі 23 000 теңгемен зейнетке шыққан. Себебі оның деректері архивте болмаған. Еңбек кітапшасындағы жазбалар да ескерілмеген.

Сонда қалай, кезіндегі шаруашылық басшыларының кесірінен неліктен азаматтар зарлап шегуі тиіс? Неліктен бұл азаматшаға зейнетақы тағайындау барысында қажетті заңдық көмек көрсетілмеген? Шет ауданындағы осы шаруашылықта еңбек еткен қанша азамат осылайша заңды табысынан қағылып

отыр? Кезінде бұл совхоздарда кемінде 500-1000, мүмкін одан да көп адам жұмыс жасағанын ескеретін болсақ, оның салдарын елестетудің өзі қиын. «Қарағанды облысындағы осындай жағдайға тап келген қанша азамат бар? Ал бүкіл республикамыз бойынша жағдай қандай?», — деген орынды сұрақтар туындайды.

Егер зейнетақы төлеу орталықтары тарапынан азғантай болса да көңіл бөлініп, заңдық көмек көрсетілген болса, бұл азаматша өзінің зейнетақысын толық алар еді. Оның осы жылдары сол совхозда еңбек еткенін көршілерінің бәрі біледі. Көбі сол жерде күні бүгінге дейін тұрады. Сол көршілерінің куәлігіне жүгіну арқылы, ардагерлер ұйымдары арқылы, тіпті қажет болса, сот шешімі арқылы еңбек өтілін қалпына келтірудің заңды жолдарын айтып, көмек жасамаған.

Осы салаға жауапты мемлекеттік қызметшілердің

Жамбыл АХМЕТБЕКОВ,
Мәжіліс депутаты

Осы ғой енді...

Әңгіме тағы да атаулы әлеуметтік көмекті алатындар төңірегінде. Тиісті көмек алуға мұқтаж емес азаматтар да тұрмысы төмен отбасылар тізіміне еніп кетеді. Айталық, Павлодар облысында өздерінің нақты табысын жасыру арқылы атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға заңсыз қол жеткізген 444 отбасыға төлем тоқтатылды. Бұл туралы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы әлеуметтік көмек және әлеуметтік өріптестік бөлімінің басшысы Майгүл Рахымжанова хабарлады.

Оның айтуынша, нақты табысын жасыру ең көп таралған заңбұзушылық болып тұр. Ол «Мәселен, Май ауданындағы Қаратерек ауылында тұратын 6 адамнан тұратын отбасы 2019 жылдың сәуір айында АӘК тағайындауға өтініш берген. Отбасыға 105 мың 843 теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Тексеру кезінде отбасының нақты табысын жасырғаны анықталды», — дейді.

Мұндай келенсіздік Батыс Қазақстан облысында да кездеседі. Өңірде атаулы әлеуметтік көмек алған 2516 отбасы тексеріліп, оның ішінде 586-сына төлем уақытша тоқтатылды. Тағы 508 отбасына төлем мүлдем төленбейтін болды. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бөлім басшысы Қайырғали Нәдырғалиев аймақ тұрғындарының әлеуметтік қызмет қызметкерлерін алдаудың небір өрескел әдісі туралы айтып берді. Бөлім басшысы «Оралда алты баланың анасы өткен жылдың желтоқсан айынан бастап АӘК ала бастады. Әлеуметтік көмек алудың заңдылығын тексеру барысында біз отбасының нақты табысын жасырғанын анықтадық. 2018 жылы жеке кәсіпкер ретінде тіркелген отағасы 6 миллион 904 мың 550 теңге көлемінде табыс тауыпты. Биылғы жылдың алғашқы жартысында бұл отбасы табысы 3 миллион 877 мың теңгені құрады. Қайта есептеу нәтижесінде отбасына АӘК төлеуден бас тартылды», — дейді.

Осыған ұқсас жағдай Жанакала ауданында да болған. Өткен жылдың сәуір айында Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында өтініш берушінің қайын атасы 5 миллион 200 мың теңге көлемінде несие алып, ол қаражатка 17 ірі қара мал алған. Өтініш берушінің бірге тұрып жатқан қайын атасы жеңілдетілген несиеге сатып алған ірі қара малды көрсетпестен, отбасының нақты табысын жасырғанын ескере отырып, оған 1 млн 530 мың 612

Осындай тосын жағдайлар Ақтөбе облысында да кездесті. Өздерінің нақты табыстарын жасыру арқылы аймақта бірнеше тұрғын атаулы әлеуметтік көмекті заңсыз алып келген. Осылайша мемлекетке шамамен 3,5 миллион теңгеден астам шығын келтірді.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының табысы аз отбасыларға мониторинг жүргізу және әлеуметтік көмек көрсету бөлімінің басшысы Ақсұлу Жұбаназарова тұрғындар арасында әлеуметтік сала қызметкерлерін алдаудың өрескел небір түрлері бар екенін айтады. АӘК тағайындау кезінде табысты жасыру және уақытша тұрғылықты жері бойынша тіркеу арқылы

жөніндегі нұсқауын орындау үшін Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы Алға тұрғынына жалпы сомасы 1 млн 600 мың 548 теңге АӘК қайта тағайындалғанын анықтады. Ол кісі үш айда 400 мың 137 теңге алып үлгерген. Бұл қаражат қазіргі уақытта бюджетке қайтарылды, ал екінші шешім бойынша тағайындалған төлем толығымен тоқтатылды. Осыған ұқсас факт Байғанин ауданында да ұшырасты. Ағымдағы жылдың сәуір айында көпбалалы үйдің отағасы табысын ең төменгі жалақы мөлшерінде көрсетіп, әлеуметтік көмек алуға құжат тапсырған.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

ҚАЛАДА СУ ІЗДЕП ЖҮР



(Басы 1-бетте)

Ұзындығы 6 шақырым жолдың бойында осындай 56 ағаш бағана қасқайып тұр. Ол ары-бері жүрген жолаушыға да кедергі келтіруде. Өмірәлі Ешмат есімді ақсақал: «Мынамен адам қалай жүреді? Аттап бассан, бағанаға соғысасың. Жол салатын техникалар телефон сымдарын да үзіп тастады. Ауылда байланыс та, интернет те жоқ қазір», — деп мұнын шағады. Ал жауапты мекеме бағаналардың орнын ауыстыру туралы «Қазактелеком» мекемесімен нақты келісімшарт бар екенін айтып отыр. Алайда оның қашан қолға алынып, қашан аяқталатыны белгісіз.

Жарас ШӨКЕ

Құттықтаймыз!

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Президент сыйлығының иегері, Алматы қалалық мәслихатының депутаты Қали Сәрсенбайдың қазақ рухани кеңістігінде өз мәнері бар қаламгер екенін көпшілік қауым жақсы біледі. Руханият саласында өнімді еңбек етіп келе жатқан «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы Қали Сәрсенбай Ресей жаратылыстану ғылым академиясы президиумының 2019 жылғы 18 қыркүйектегі шешімімен И.Бунин атындағы күміс медальмен марапатталды.

Қаламгердің қол жеткізген жетістігіне құтты болсын айта отырып, шығармашылық жолында табыс тілейміз!



Құрық

НӘРЕСТЕНІ ЖАСЫРДЫ

Атырауда облыстық перинаталдық орталықтың бас дәрігері – «Болашақ» бағдарламасы бойынша Оңтүстік Кореядан білім алып келген Қуаныш Нысанбаев қызметін асыра пайдаланыпты.

КТК.kz хабарлағандай, ол жаңа туған нәресте өлімін жасырмақ болып, аймақтағы сот-медициналық сараптама институтының басшылығына жалған құжат жасап беруге өтініш айтыпты.

Бас дәрігер бұл қызмет үшін 300 мың теңге ұсынған. Бұл аздай, Қуаныш Нысанбаев босануға келген келіншектерден «жағдай жасаймын» деп ақша алып отырған. Тіпті өріптестеріне шетелдік іс-сапарға бөлінген ақшаны да өз пайдасына жаратып, демеушілер берген бір жарым миллион теңгеге шетелде демалған.

Атырау облыстық соты баспасөз қызметінің өкілі Мейрамгүл Өтеғұлова осыған байланысты берген түсініктемесінде: «Атырау облыстық перинаталдық орталық директоры және Қылмыстық кодекстің 99-бабы 2-бөлігінің 3,7-тармақтарындағы қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдіктелгендер екі ай қамауда ұстау жөнінде санкция берілді», — деп хабарлады.




Дереккөз: facebook



Демеу

Мемлекет басшысы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» деп аталатын Жолдауында халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру мәселесіне ерекше назар аударып, «Әл-ауқатымыздың екінші бір сипаты – өмір сүру деңгейінің артуы» дегенді қадап айтты. Осы орайда елімізде көптеген шаруа қолға алынып, халыққа жайлы жағдай жасап, тұрмысын түзетуге ықпал ету бағытында нақты жұмыстар қолға алынууда. Бұл тұрғыда еліміздің ірі мегаполисі саналатын Алматы қаласында жаңалық көп.

Жақында өткен дәстүрлі фестивальдің бірінде Алматының әкімі Б.Сағынтаев: «Алматы – армандар орындалатын мекен» деген сөзді айтып қалды. Шын мәнінде, Алатау етегіндегі алып шаһарға қызығушылық еш уақытта толастаған емес. Осында қоныстанған азаматтар тұрақтаған бойда жергілікті әкім-қаралардың қамқорлығына, көмегіне зәрулігін байқатып алады. «Алматылық атансам» деген арман осыдан басталады.



Құзырлы орындар Мемлекет басшысының Жолдауында көрсетілген басты бағыт-бағдарлар бойынша жұмыс істей отырып, қарапайым халықтың әлеуметтік жағдайына барынша көңіл бөліп келеді. Әсіресе «Бакытты отбасы» деп аталатын бағдарлама аясында нақты жұмыс қолға алынууда. Бұл арқалы әлеуметтік жағынан аз қорғалған отбасыларына мемлекеттік қолдау көрсету жан-жақты қарастырылған. Қазірдің өзінде қиын жағдайда қалған ондаған отбасына тиісті көмек көрсетілді. Нақтырақ айтсақ, атаулы әлеуметтік көмек, тұрғын үй алуға, жұмысқа тұруға жәрдемдесу секілді демеу шаралары үздіксіз жүргізіледі. Тіпті осы қолдаудың арқасында өз ісін ашуға грант пен несие, қосымша тегін білім алып жатқандар да бар.

Биылғы ақпан айынан бері қалада әлеуметтік сала бойынша 91,8 мың адам, олардың арасында көпбалалы аналар арнайы кеңес алған. Ал атаулы әлеуметтік жәрдемақы бойынша 48,1 мың адамға кеңес беріліп, олардың ішінде 13 349 отбасы *(67 580 адам)* анкета толтырды. Нәтижесінде атаулы әлеуметтік көмек 9 300 отбасына *(51 233 адам)* – жалпы сомасы 2 991,2 миллион теңге төленді. Сонымен қатар жыл басынан бері әлеуметтік жәрдемақылар 8 555 адамға тағайындалды. Осы мақсатқа 260,7 миллион теңге жұмсалды.

«Бакытты отбасы» қоғамдық қорының арқасында 134,7 миллион теңге жиналып, аз қамтылған көпбалалы 3 012 отбасына көмек көрсетілді. Ал тамыз айынан бастап барлық аудандарда «Бакытты отбасы» орталықтары ашылды. ISKER ANA деп аталатын орталықтарда әйелдерді кәсіпкерлікке тарту бойынша бағдарламаны дамыту шаралары іске асырылуда. Ол жерде әйелдер зангерлерден, психологтардан кеңес алып, отбасылық бизнесін құруға мүмкіндік алууда. Осылайша, қыз-келіншектер тігіншілер курсы, шет тілдерін оқыту, аспаздар, басқа да қажетті мамандықтар бойынша білім алууда.

Қазірге дейін әлеуметтік жағынан аз қамтылған «Бакытты отбасы» орталығына 4 257 адам келген. Көпбалалы 945 ана балаларымен бірге бассейн мен фитнес залдарына баруға тегін сертификат алған. Бағдарлама бойынша әлеуметтік жағынан аз қамтылған шаңырақтарды тұрғын үйлермен қамтамасыз ету бағытында да түрлі жұмыс жүргізуде. Мысалы, бүгінге дейін 284 отбасы қоныс тойын тойлады. Ал жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікке үйретуге арналған «Еңбек» бағдарламасына сай 1 856 адам уақытша жұмысқа орналастырылған.

базарлар мен сауда орталықтарында болды. Іс-шаралар қаланың алпыстан астам шет аймақтарында жүргізілді. Нәтижесінде 17,5 мың тұрғын тегін медициналық тексеруден өтті және дәрігерлерден кеңес алды. Дәрігерлер холестерин мен қандағы қант деңгейін анықтау мақсатында және флюорографиялық тексеруден, ВИЧ-инфекция мен терінің созылмалы ауруларын анықтау үшін жедел тестілеуден өтті. Барлық шара тегін жасалды.

Әрине, бірінші кезекте азаматтарға керектісі – өз бетінше күнкөрісін қамтамасыз ету. Бұл үшін олардың кәсіпкерлікпен айналысуына мүмкіндік беріп, әкімшілік кедергілерді азайту қажет.

Таяуда Алматы әкімдігінде екінші деңгейлі банктер мен микроқаржылық ұйымдарда кепілсіз тұтынушылық несиелер бойынша борыш жүктемесін азайтуға байланысты да жиын өтті. Онда Президенттің «Қазақстан Республикасы азаматтарының борыш жүктемесін азайту шаралары туралы» Жарлығына сәйкес қолға алынған жұмыстар сөз болды. Екінші деңгейлі банктер мен микроқаржылық ұйымдарда кепілсіз тұтынушылық несиелер бойынша қарыздардың бір рет кешірілетініне байланысты ереже азаматтардың мына бес санатына: көпбалалы отбасылар; асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты төлем алатын отбасылар; мүгедек балалары бар және 18 жастан асқан бала кезінен мүгедек балалары бар отбасылар; атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар; жетім балалар, көмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 29 жасқа толмаған балалар



«Адами капиталды әлеуметтік жаңғыртудың объективті аса маңызды жағдайларының қатарына жатқызу күн тәртібінде экономикалық, әлеуметтік және қоғамдық-саяси институттарды қайта құру қажеттігін туғызды. Осы мақсатта 2014 жылы Үкімет адами капиталдың сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдай жасауға, сондай-ақ барлық қазақстандықтар үшін өмір сүру сапасының жоғары стандарттарына қол жеткізуіне бағытталған Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекітті, онда ана мен баланы, отбасылардың осал топтарын әлеуметтік қолдауға жеке назар аудара отырып, әлеуметтік-еңбек қатынастарын, денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қорғау жүйесін реформалау бойынша стратегиялық міндеттер айқындалған».

(Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасынан)

Оның ішінде көпбалалы әйелдер жеткілікті. Оқу мен қайта даярлау орталықтарына 1580 адамға жолдама берілді. Араларында 476 жұмыссыз ана, 70 көпбалалы әйел бар. Курстарды бітіргендерге 505 мың теңге көлемінде қайтарымсыз 2817 грант беріледі. Осы уақытқа шейін 90 грант бөлінсе, оның

қатысты екені белгілі. Осы орайда бірқатар алматылықтар, оның арасында көпбалалы, әлеуметтік жағынан аз қорғалған отбасылар мемлекет тарапынан жасалған қолдауды жемісін көрді. Қазіргі кезде банктер мен микроқаржылық ұйымдар бірінші бағыт бойынша 507363 азаматтың негізгі және



арасында көпбалалы 4 ана бар. Сондай-ақ балалар бақшаларында аз қамтылған отбасыларынан 512 бүлдіршінге қосымша қаражат бөлінген. Бұл жерде тұрмыс-жағдайына қарай 2702 мектеп оқушысы мен колледждерде оқитын 421 студентке стипендия тағайындалғанын да айта кеткен жөн.

Қала тұрғындарының денсаулығын сақтауға да зор көңіл бөлінген. Бұл мәселеге айрықша мән берген қала әкімінің тапсырмасы бойынша 1-30 тамыз аралығында қоғамдық денсаулық басқармасы медициналық қызметтің қолжетімділігі үшін мобильді топтарды халық арасына жіберді. Медициналық бригадалар жаңа ықшамаудандарда,

сыйақылық 105147,8 миллион теңге қарызын өтеген. Оның ішінде Алматы қаласы бойынша 115 998 азаматтың жалпы сомасы 18 380 миллион теңге қарызы кешірілді.

Жалпы алғанда, Алматы бойынша әлеуметтік жағынан аз қорғалған, тұрмыс жағдайы нашар отбасыларын мемлекет тарапынан қолдау шаралары тиянақты жүргізіліп келеді. Осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғаса беретін болады.

Данияр ӘЛКЕБАЙҰЛЫ,
Алматы қаласы әкімдігі әлеуметтік әл-ауқат басқармасы басшысының орынбасары

Бағдар

Бүгінде еліміз бойынша атаулы әлеуметтік көмек беру жалғасуда. Биыл 15 тамыздағы жағдай бойынша атаулы әлеуметтік көмекпен 1,8 миллион адам қамтылған. Жәрдемақы алушылардың ең көп саны Түркістан облысында – 498,7 мың, Алматы облысында – 225,4 мың, Шымкент қаласында 216,3 мың адам. 1 тамыздағы жағдай бойынша тұрғындарға 103 миллиард теңге көлемінде атаулы әлеуметтік көмек төленді. Бір отбасына төлемнің орташа мөлшері айына 86 мың теңгені құраған.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ЖАЛҒАСУДА

Атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау мен төлеудің дұрыстығын бақылау нәтижесінде 72 мыңнан астам атаулы әлеуметтік көмек алушылар табысы туралы жалған ақпарат берген. Осыған байланысты еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі әкімдіктермен біресе отырып, әрбір анықталған факті бойынша заңбұзушылықтарға жол бермеу және «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» заңды бұзуда заңсыз тағайындаған төлемдерді қайта қарау бойынша жекелеген жұмыс жүргізуде.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

Тұсаукесер

Алматыда Nur Otan партиясының Жетісу аудандық филиалында аудан жастарына арналған Jas Otan жастар қанатының белмесі салтанаты түрде ашылды. Жиынға Жетісу әкімшілігінің аппарат басшысы Дәулет Шайтұрсынұлы, Jas Otan жастар қанатының Алматы қалалық филиалының төрағасы Мәди Ахметов, қалалық мәсхихат депутаты Қайрат Құдайберген, аудандық партия филиалының бюро және саяси кеңес мүшелері.

ЖАСТАРҒА ЖОЛ АШЫЛДЫ



Бөлменің қызыл лентасын Дәулет Шайтұрсынұлы мен Қайрат Құдайберген кесті. Салтанатты шара барысында қалалық мәслихат депутаты Қайрат Құдайберген аудан жастарын құттықтап, жарқын болашақ тіледі.

Биыл Жастар жылы аясында мемлекет тарапынан жастарға зор қолдау көрсетілді. Әсіресе, жастарды жұмыспен қамту, жоғары оқу орындарына жеңілдікпен қабылдау, жұмыс істейтін жастарға мемлекеттік бағдарламамен тұрғын үй беру секілді ақпараттар барша жастарға жеткізілуі керек. Қазір жастар белсенді. Болашаққа да сенімді. Олар ел дамуына белсене атсалысып, өз үлесін қосқысы келеді.

Жиында сөз алған Жетісу аудандық Jas Otan жастар қанатының жетекшісі, аудандық партия филиалы саяси кеңесінің мүшесі Ақылбек Қали: «Ауданымыздағы белсенді жастардың саны артып келеді. Олар өздеріне берілген міндетті белсенді атқаруда. Жастарды ұйымдастырып, олардың саяси сауаттылығын арттыруда үлкен жұмыс жасалуда», – деді.

Жалынды жастар ел дамуына өз үлесін қосатындықтарына уәде беріп отыр. Жетісу аудандық Jas Otan жастар қанатының есігі қыз-жігіттерге әрқаз ашық.

Айнұр ШАПАЙҚЫЗЫ

Жоба

«Al-Farabi Education» Business Academy «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның топ-менеджерлеріне арналған «Корпоративтік мәдениетті» жетілдіру бағытында тың жобаны жүзеге асырды. Бастама компанияны басқарудағы жүйелік көзқарасты, корпоративтік мәдениеттің қалыптасуына әсер ететін факторларды таңдауға, оның артықшылықтары мен кемшін тұстарын түсінуге бағытталған.

ОЗЫҚ 11 БАҒДАРЛАМА



Әрбір компанияның өз ережесі, қағидалары мен тәртібі бар. Біздің елге «Корпоративтік мәдениет» ұғымы енді ғана еніп келеді. Бұл бағыт бойынша, әсіресе өңірлерде қажырлы жұмыс жасау керек. Осы орайда «Al-Farabi Education» Business Academy шетелдік мықты коуч-тренерлерді тартып, тың жобаны қолға алды. Мұнда топ-менеджерлер арасында корпоративтік мәдениеттің стратегиясын әзірлеуге, ұжымдағы беіресми қарым-қатынастардың маңыздылығын көрсетіп, үйретуге, сондай-ақ барлық қызметкерлер арасында жақсы қарым-қатынасты сақтауға басымдық беріледі.

Жалпы, «Корпоративтік мәдениет» бағдарламасы 12 модульден тұрады. Бұл «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері үшін арнайы жасалған. Модульді еліміздің және Ресейдің озық мамандары жүргізеді. Олардың қатарында Ресей жоғары ғылымдар академиясының академигі Надежда Багдасарян, Лариса Карнацкая *(Мәскеу)*, Ольга Фетисова *(Севастополь)*, Мұхтар Бекжанов, Берік Бижан, Лилия Ержанова, Гүлмира Қорғанбаева *(Алматы)* Жексен Жалқыбаев *(Нұр-Сұлтан қаласы)* бар.

Бірінші модуль «Тиймді команда құруға» арналып, ол күркүйек айының 20-22 аралығында өтті. Арнайы оқуды Севастопольдан келген 15 жылдық тәжірибесі бар бизнес-тренер Ольга Фетисова жүргізді. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері 3 күн 8 сағаттан компания жұмысын жетілдіруді меңгеріп, өзара пікір алмасты.

Бағдарлама енді басталса да алғашқы қатысушылар беіресми шешім қабылдауды үйреніп, командалық жұмыстың тиймді тұстары мен маңызын ұғынды. Алдағы дәрістер бұдан да қызығырақ болмақ. Себебі, тұлғалық, жетекшілік қабілетті дамытуға бағытталған 11 модульді бағдарлама уақытын күтіп тұр.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ



5

E-mail:
jasqazaq2019@mail.ru

Жаңғыру

2021 жылдан бастап мектеп табалдырығын аттайтын оқушылар латын әліпбиімен оқитын болады. Латын әліпбиін енгізудің 3 негізгі алғышарты бар. Біріншісі – қоғамдық-саяси, екіншісі – лингвистикалық, үшіншісі – халықаралық алғышарт. Азия елдерінің 30-35% латын графикасына көшкен. Әлемде 7 млрд 700 миллион адам бар болса, соның ішінде 36,6% латын алфавитін, 16% араб алфавитін, 3% кирилл алфавитін қолданады екен. Яғни кирилл әліпбиі латынға қарағанда 12 есе аз қолданылады деген сөз.



Мәлдір Бақытқызы

ЛАТЫН ӘЛІПБИІМЕН – БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ

Соңғы 20 жылда латын әліпбиін қолдану мүмкіндігі көбейгенін байқаймыз. Бүгінде әлемдік инновацияның 77% латын әліпбиі негізінде жасалады. Әлемде 200 миллионнан астам түркі халқы болса, соның 55% латын графикасын қолданады. Бұл деректерді Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми практикалық орталығының атқарушы директоры, филология ғылымдарының кандидаты Ербол Тілешов Алматыда өткен «Жаңа емленің құрылымы мен мазмұны» атты республикалық жиында айтты.

Іс-шараның мақсаты – баспа саласының мамандарына, БАҚ өкілдеріне қазақ тілі әліпбиін латын графикасына кезең-кезеңімен көшіруге байланысты Елбасының 2017 жылғы 26 қазандағы «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы»



Анар Фазылжанова



«2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз. Ол кезең де таяп қалды, сондықтан біз уақыт ұттырмай, бұл жұмысты осы бастан қолға алуымыз керек. Біз осынау ауқымды жұмысты бастауға қажетті дайындық жұмыстарына қазірден кірісеміз. Үкімет қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауы керек. Латыншаға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық орта-ның, коммуникацияның, сондай-ақ ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты»

(Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан)

сыныбына баратындардың саны 90% құрайды деген сөз. Ал халық санына келсек, Қазақстандағы қазақтардың саны 60% жетті. Біртіндеп демографиялық жағдайымыз да жақсарып келеді», — деді. Жиын барысында жаңа әліпбиді менгерудегі ІТ жобалар таныстырылып, көпшілікке ұсынылды.

ұлттық контент жасау, қазақ тілінің корпусын дайындау сынды мәселелерді көтерді. Баяндама авторының айтуынша, ұлттық корпус дегеніміз — қазақ мәтініндегі әрбір сөздің толқжаты, яғни сөздің жасалуы талдануы, сол сөз туралы толық көрсетілген мәлімет екен. Анар Фазылжанова: «Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдайтын уақыт жетті. Осыған дейінгі Тілдер туралы

асыру байқалмайды. Мәселен, бұл тек қана әліпби ауыстыру емес, «ұлттық мемлекетті нығайту, ұлттың, мемлекеттің іргесін бекіту, жаңа әліпбиімен жаңа өмірге бастау алу, алыс болашақта емес, осы жақын болашақта жемісін көретін, креативті жазу иесі болу, жаңа креативті сана қалыптастыру» деген осы реформаның барлық операторлары мен менеджерлерінің насихаттайтын ісі болу тиіс», — деді.

Ал А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, профессор Құралай Бимолдақызы көпшілікке «Жаңа емле: сөздерді босаралықпен және босаралықсыз жазудың себептері, анықтау белгілері» атты баяндамасын оқыды. Жиын барысында латын әліпбиінің қолданысқа енуі, ондағы танбаларға бірқатар түзету енгізу сынды мәселелер де талқыланды.

Денсаулық

Санаулы айлардан кейін 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» бағдарламасы өз мересіне жетеді. Мемлекеттік бағдарламаның мақсаты – азаматтардың денсаулығын сақтаудың тиімді әрі орнықты жүйесін дамыту. Алға қойған мақсатқа жету үшін бағдарламадағы негізгі басым бағыттарды жүзеге асыру бойынша жұмыстар істеді. Осы орайда, Алматы қалалық психикалық сауықтыру орталығының мамандары бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне «Денсаулық» бағдарламасын жүзеге асыру барысында атқарылған жұмыстарын таныстырды.

Орталық мамандары алысгеймер немесе ұмытшақтық деп аталатын аурудың жасарып бара жатқанына қатты алаңдап отыр. Өйткені бұрын бұл ауруға көбінесе 65 жастан асқан қарттар шалдығатын. Қазіргі таңда 40-жастан асқан азаматтарда да дерт белгісі бар.

БАҚ өкілдеріне жаңа ғимаратты таныстырған Алматы қалалық психикалық сауықтыру орталығының директоры Сапар Рахменшеев: «Ғимарат заманға сай. Жекеменшік клиникаларда бұл аурудан сауықтыру үшін науқастардан 600-700 мың теңге көлемінде ақы алады. Ал біздің орталықта емделу тегін. Бүгінге дейін орталық 85 азаматқа дәрігерлік көмек көрсетті. Қажетті дәрі-дәрмекпен де тегін қамтылады», — деді.

Журналистер геронтология бөлімінде ем алып жатқан қарттармен де сұхбаттасты. Осында ем алып жатқан Гүлсім әжей (есімі өзгертілген): «Бір жыл бұрын ұйым қашып, мазам кетіп, ауырып қалдым. Содан осы орталыққа ем алуға келдім. Қазір ұйым бір қалыпты. Мұндағы

дәрігерлер жақсы қарайды. Барлығына алғысым шексіз», — деп ризашылығын білдірді.

Мамандардың айтуынша, аталған дерттің емі жоқ, тек дер кезінде ем-дом қолданып, аурудың асқинуы кезеңін тоқтатуға болады. Осы тұста орталық директоры Сапар Рахменшеев: «Егер осындай ауруларды уақытылы



«Адам денсаулығын қорғау және нығайту адамның жас және әлеуметтік ерекшеліктерін ескере отырып, аурулар мен олардың салдарының пайда болу қатерінің сыртқы және мінез-құлықтық факторларын төмендету бойынша сәби өмірінің алғашқы күндерінен басталатын және барлық жастағы кезеңдерінде жалғастырылатын профилактикалық іс-шараларға бағытталатын болады. Еңбек бөлсенділігін сақтауға, жұмысты өмір бойына қайта бөлуге және әлеуметтік қолдауға бағытталған дұрыс қартаюды қолдау бойынша шаралар қабылданады»

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасынан)

алып келетін болса, бұл ауруларды бірінші кезеңнен екінші кезеңге өту уақытын біз ұзартамыз. Яғни мидың қантамырлары жақсартылады. Екіншіден, мидың қоректенуін жақсартатын дәрілер бар. Қоғамда психологқа, психиатрға, психотерапевтке қаралуға деген үлкен үрей бар. Бұл жерде ондай түсінік болмауы керек. Орталықта науқастарға бар жағдай жасалған. Тынығуға арналған саябақтан бастап, қолынан іс келетіндер үшін тігін бөлмесі мен баспахана ашылған. Олар тапсырыс келген сайын қуанады. Жұмыс істеуге ықыластары зор. Сондықтан

уақыттарын тиімді пайдалануға көмектесеміз. Себебі науқастарды қоғамға бейімдеу — міндетіміз», — дейді.

Алматы қаласында 10648 адам жалпы психикалық ауытқу бойынша диспансерлік есепте тұр. Оның ішінде 4645 әйел бар. Өзгелері ер-азаматтар. Ал еліміз бойынша 65 жастан асқан адамдардың 10 пайызы деменциямен (ақыл-ес кемдігі) ауырады. Бұл көрсеткіш те мамандарды алаңдатады екен. Психикалық сауықтыру орталығының бөлім менгерушісі Рабиға Доланбаеваның айтуынша, деменциямен ауырған қарттар алғашқы сатыда өздерінің ауыратынын жасырады. Ол: «Деменцияға алғаш ұшыраған қарттар туыстарын, жакындарын танымай қалады. Олардың ұйқысы бұзылып, көңіл-күйі



Рабиға Доланбаева

ГЕРОНТОЛОГИЯНЫ ДАМУ – БАСТЫ НАЗАРДА

өзгеріске ұшырайды. Егер біз науқасқа дер кезінде көмек көрсете білсек, аурудың алғашқы кезеңі мен ортаңғы кезеңіндегі аралықты ұзарта аламыз», — деді.

Қарттарға арнайы ашылған орталық 25 орынға арналған. Мұнда тынығу, шахмат бөлмесі ашылған. Орталықта арнайы қысқы бақ бар. Емделушілерге үйдегідей жағдайдың барлығы жасалған.

Түйін: Алысгеймер ауруы туралы қысқаша мәлімет айта кетейік. Ең алғаш бұл дертті 1906 жылы неміс психиатры Алоис Алысгеймер анықтаған. Ауру негізінен 65 жастан асқан адамдарда кездеседі. Жасы ұлғая келе кейбір адамдар ұмытшақ бола бастайтындай болады. Қартай келе, тіпті бала сияқты болып кететіндер де ұшырасады. Бұл құбылысты біз «алжыды» деп жатамыз. Ал медицинада ұмытшақтық ауруы деп аталады. Аталған дертке қарсы тұруды көздеген алматылық дәрігерлер қазір жанаша жұмыс істеуді қолға алып отыр.

Бетті дайындаған
Мақпал НОҒАЙБАЕВА





Тіршілік

Арқада ел астанасының іргетасы қаланғалы бұл аумақта жаңа өмір басталды десек те болады. Осы уақыт аралығында шаһар аумағы үш есе ұлғайып, тұрғындар саны төрт есеге артты. Қазір Нұр-Сұлтан қаласында Алматы, Есіл, Сарыарқа және Байқоңыр деп аталатын төрт аудан бар. Олардың арасында былтыр ашылған Байқоңыр ауданының орны бөлек. Бүгін біз жаңа ауданның жай-күйі төңірегінде әңгімелеп бермекшіміз.

БІРІНШІ ЖЫЛДЫҢ БЕЛЕСІ

Байқоңыр былтыр 16 наурызда Алматы мен Сарыарқа аудандарының белгілі бір бөліктерін қамту нәтижесінде құрылды. Жалпы аумағы — 18 гектар. Тұрғындар саны 230 мың төңірегінде. Алғашқы әкім Ерлан Қанәлімов сәуір айының соңына таман басқа жұмысқа ауысуына байланысты бұл қызметке Асқар Есілов кірісті.

Аудан құрылған жылы бірқатар жұмыс атқарылғаны, әлеуметтік желі арқылы халықпен тығыз байланыс орнатылып, нәтижесінде жүздеген сауал түскен, оның 70 пайызы шешілген. Сондай мәселелердің бірі — жертөлелерді баспана еткен тұрғындардың түйтікiлi шешіліп жатыр. Олардың басым бөлігі алаяқтардың алдауына түсіп, пәтерінен айырылып қалыпты. Енді осы іс бойынша тергеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Тұрғындар тарапынан түскен сауалдың бір бөлігі ПИК жұмысына байланысты. Бірі — уақытында жиналыс өткізілмейтінін айтса, енді бірі — шатырдан су тамшылайтынына шағымданды. Аудан басшысы Асқар Есілов бұл туралы: «Арыз-шағымдар, ескертпелердің әрқайсысы ескерусіз



қалмайды. Жакын уақытта мәселе шешілетін болады. Былтыр ауданға қарасты 16 көшенің, яғни бас-аяғы 8,37 шақырым жолы асфальтталды. Бұған қоса, 36 үлкен және түйік көшеге уақытша жол төселді. Ал биыл 14 шақырымды құрайтын 26 көше жөндеуден өткізілді», — деді.

Аумақтағы аялдамалардың жағдайы кандай? Осы сұраққа жауап алғысы келгендер табылды. Қазір көшелердегі 28 аялдаманың 13-і жөндеуді, 10-ы толығымен ауыстыруды қажет етеді. Биыл Өндіріс көшесінің бойына 4 аялдама орнатылмақ. Ал тұрғындардың қолайлығы үшін жылытылған 11 аялдама орнатылса, оның 6-уы жекелеген инвестиция есебінен салынған.

ТҰРҒЫН ҮЙ КӨБЕЙЕДІ

Нұр-Сұлтан еліміздің бас қаласы болғалы бері газ жеткізу жобасы үш рет қозғалып, үшеуі де сәтсіз аяқталған. Қазіргі уақытта техникалық-экономикалық жоспары жасалыпты. Оның бастапқы кезеңінде, яғни 2020 жылға қарай ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЖЭО-3 кәсіпорындарын газға көшіру басты назарда тұр. Ал тұрғын үйлерді көгілдір отынға ауыстыру шамамен 2021-2025 жылдары жүзеге асырылады.

Ауданда 557 пәтерлі 3 тұрғын үйдің құрылысы аяқталған. Ал қазіргі уақытта 1918 пәтері бар 3 тұрғын үй кешені салынып жатыр. «7-20-25» бағдарламасы бойынша 12 адамға 1

млн тенге көлемінде тұрғын үй сертификаты беріліпті. Осы арқылы тұрғын үй жарнасын төлеуге болады.

Байқоңыр ауданында 234 аула бар, оның 134-інің жағдайы ойдағыдай болғанмен, 90-ы жөндеуді қажет етеді. Бұл жұмыстар 2019-2020 жылдары жүзеге асырылмақ. Былтыр 53 көше абаттандырылып, 96 көше тренажері орнатылған.

ӘКІМГЕ ТІКЕЛЕЙ ХАБАРЛАСАСЫЗ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев билік пен халық арасында тығыз байланыс болу керектігін ерекше нықтап тапсырғаны белгілі. Бұл мәселеге аудан әкімі Асқар Есілов те ерекше назар аударып, тұрғындармен үнемі байланыста болу үшін өз нөмірін жария етті. Бұл төңіректе өзі былай деді: «Аудан әкімі лауазымына тағайындалған күннен бастап, сіздер менімен Facebook әлеуметтік желісі арқылы кедергісіз байланыса алдыңыздар. Осыған дейін, бұрынғы аудан әкімімен +7 701 055 5979 (*whats app*) нөмірі арқылы хабарласқан едіңіздер, сіздер осы нөмірге үйреніп

қалғандықтан, әрі ыңғайлы болсын деп, бұл нөмір маған берілді. Оған қоса, өзімнің жеке нөмірімді +7 705 516 77 77 назарларыңызға ұсынамын. Егер де тез әрі шапшаң әрекетті қажет ететін жағдай туындап жатса, қонырау шалуыңызға болады. Сонымен қатар телефон тұтқасын бірден көтеруге мүмкіндік болмаған жағдайда, түсіністікпен қарайсыздар деп үміттенемін. Өйткені жиналыстар, түрлі нысанды аралау жұмысы, қабылдаулар мен өзге де жағдайлар болып қалуы мүмкін», — дейді.



БІЗДІҢ БАЙҚОҢЫР ЖАҢА АУДАННЫҢ ТЫНЫСЫ



КӨМІР БАР ЖЕРДЕ ӨМІР БАР

Арқада күн салқындап, жұрт қыс қамына кірісті. Жақында Асқар Есілов Байқоңыр ауданында көмірді қайдан әрі қанша сомаға сатып алуға болатынын хабарлады. Мәселен, Шұбаркөл көмірі қазір А.Жұбанов көшесі, 35-мекенжайда 12 мың теңгеден бастап саудаланып жатыр. Қатты отынның Қаражыра түрінің бағасы Литейная көшесіндегі 44 мекенжайында 12200 теңгеден саудалана бастады. Ал Кузнецки көмірінің құны Мақат көшесі, 40А мекенжайында 12500 теңгеден өткізіліп жатыр. Жалпы, көмір бағасы 12-14 мың тенге аралығында сатылады. Бағалары қай уақытта болсын біркалпыты. Себебі әкімдік көмір

жеткізушілермен шарт жасасып, онда көмір құнын тұрақты ұстап тұруға келіскен болатын.

ЖҰРТ ЖАЙЛЫ ӨМІРДІ ҚАЛАЙДЫ

Жақында Асқар Есілов аумақта жөндеуден өтіп жатқан орындар жайлы түсіндірді. Оның айтуынша, қаланың әр тұсында түрлі нысандарға, көшелерге жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Мәселен, Республика даңғылының бойында орналасқан жерасты өтпе жолы жаңартылған.

ескерілетінін айтып, уәде берген еді. Өткен аптада Байқоңыр ауданына қарасты «Өндіріс» тұрғын алабында 1000-1200 адамға шакталған мешіт құрылысы бой көтерді.

Елордада күз жауынды болып тұр. Ал Байқоңыр ауданында жаңбыр суын соруға арналған 6 бірлік АС машинасы тұрақты жұмысқа шығып тұрса, 4-еуі кезекшілікте тұрады.

Биыл Нұр-Сұлтан қаласындағы көше жарнамаларындағы тіл тазалығына ерекше мән берілуде. Осы максатта біраз өзгерістер



болды. Аудан бойынша жұмыс атқаратын топ Таха Хусейн көшесінде орналасқан нысандарды қарап шықты. Алдымен көшеде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, заңға сай емес жарнама, көрнекі ақпарат иелеріне ескертілген болатын. Алайда олардың кейбіреуі заң талаптарына сай емес ақпараттарды алмаған. Аудан әкімдігі қалалық тілдерді дамыту және архив ісі басқармасымен бірлесе отырып, заңсыз жарнама, көрнекі ақпараттарды алдыртып тастады.

Қорыта келгенде, былтыр ғана құрылған Байқоңыр ауданында көз қуанарлық біраз жұмыс атқарылып жатыр. Асқар Есілов бастаған



уақытта жаяу жол салып, балалар ойын алаңының негізін жайластырудамыз», — деді.

Айта кетейік, былтыр ауданның есеп беру жиындарының бірінде тұрғындар тарапынан мешіт салу туралы ұсыныс айтылған еді. Сол кездегі әкім Ерлан Қанәлімов бұл идея

әкімшілік тұрғындармен тығыз байланыста болып, оларға қолайлы жағдай жасау үшін тиісті міндеттерін ары қарай жалғастыра бермек.

Ғабиден ДОСЖАН,
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша меншікті тілші

Бәрекелді!

Біз оның ұялы телефонына хабарластық. Телефонды бірден көтерген Русланның қазақшаны қаншалықты білетіндігін сынамақ болдық.

— Қалайсың, бауырым?
— Жаксы, аға, рахмет!
— Не үшін хабарласып жатқанымды білесің бе?
— Иә, маған басшылар айтты.
— Қазақша таза сөйлейді екенсің, мен риза болып тұрмын.
— Рахмет, мемлекеттік тілді бәріміз білуге міндеттіміз ғой. Қазақшаны жаксы сөйлеуім — өзімнің өмірлік жетістігімнің бірі. Тұрғындармен, қала қонақтарымен сөйлесу барысында өте қажет.

Тәртіп сақшысы Руслан Шмидтпен таныстығымыз осылай басталды. Ол Нұр-Сұлтан қалалық полиция департаментінің күзет полициясында қызмет атқарады. Мұндағы әрбір тәртіп сақшысының жұмысқа адалдығы, жауапкершілігі, еңбекқорлығы төңірегінде көп әңгіме айтуға болады. Ең бастысы — мамандардың талғамы биік. Елорда жұрты мен қонақтарының тыныштығын күзетуде өзге аймақтарға өнеге көрсетіп жүрген де осылар.

Руслан Шмидт — жас мамандардың бірі де бірегейі. Бұлайша баға беруімізге негіз бар. Өйткені ол қарапайым халықтың тыныштығы мен өмірін қорғаудың қаншалықты қымбат екенін жүрегімен түсінетін жан. Күзет полициясына келгелі бері

біраз қауіпті жағдайлармен бетпе-бет келіп, тұрғындардың өмірін қорғауда ерлік көрсеткен де жайы бар. Бір оқиға туралы лейтенант Руслан былай дейді: «Уәлиханов пен Кенесары көшелерінің қиылысында кешқұрым күзетте жүргенмін. Сағат жеті шамасында екі жасөспірім бала жүгіріп келді. Түрінен қатты үрейленіп тұрғанын байқадым. Олардың айтуынша, аулада бір кісі қолындағы қарумен жұртты қорқытып, қуып жүр. Бірден солай қарай жүгірдім. Алысырақта адамдар жиналып қалыпты. Аулада тұра

Бұл жағдайды тындап отырған кейбіреулерге қызықсыз оқиға көрінуі де мүмкін. Бірақ қауіп-қатерге толы сәтте өмір мен өлімнің осылай алысарын айқын сезінесіз. Әрине, тәртіп сақшыларының арасында мұндай оқиғалар болып тұрады.

ТӘРТІП САҚШЫСЫ

қашқан бұзақыны қуып жеткенімде, маған мылтығын кезеп тұрып алды. Бұл көріністі айтып жеткізудің өзі қиын. Ашы суға тойып алған азамат қару шүріппесін баса салудан тайынбайтындай еді. Оны сөзбен алдаусыратып, біртіндеп жақындай бердім. Ол аузына келгенін айтып, коқан-локкы жасаудан тағнабды. Не айтса да, көндім. Арақашықтық жақындағанда қолынан ұстай қалып, жамбасқа салып алып ұрдым. Жерге түскен қаруды аяқпен алысыраққа теуіп жібердім. Сол кезде жасөспірімдер де көмекке ұмтылды. Әріптесім де келіп қалды. Бұзақының қолына кісен салып, Байқоңыр аудандық полиция департаментіне жеткіздік».

Бірақ олардың ешқайсысы да ерлігін ерекше көрсетіп, қызметін еш уақытта міндетсінбейді. Өмірдің өз заңдылығы деп түсінеді.

Руслан да солай ойлайды. Әңгіме арасында: «Біздің қызметіміз уақыт талғамайды. Кез келген мезгілде күтпеген жағдайларға қарсы тұруымыз керек. Бір атап өтерлік жағдай, қазір елордалық тұрғындардың мәдениеті жоғары. Беталды тәртіп бұзып, жұрттың шырқын алатындар сиреді. Әрі көшелер мен аулаларда бейнекамералардың үздіксіз қосылып тұруы, халықтың қырағылығы жұмысымыздың жандануына ықпал етті. Басшыларымыз да әрбір күзет сақшыларының қай жерде не істеп жүргенін, оқиға орнына жедел

жетуін, мәселені тез арада шешуді үнемі қадағалап отырады. Осының



бәрі полиция қызметінің сапасын жақсартты. Тұрғындар тарапынан біздің атымызға шағым түспейді», — дейді.

Руслан Игорьұлы (*ол бізге әкесінің атын осылай жазуды өтінді*) Алматы облысының Іле ауданындағы Ақши ауылында туып-өскен. Туған жеріндегі мектептің 9-сыныбын бітірген соң, Алматыдағы байланыс колледжіне түседі. Айтапқашы, ол бала күнінен болашақта форма киіп жүруді армандайтын. Ақыры қызметке тұру үшін әскер қатарына барып, азаматтық міндетін абыроймен атқарып келеді. 2014 жылы Нұр-Сұлтан қалалық полиция департаментінің күзет полициясына орналасты. Бес жыл ішіндегі бір жетістігі Шымкенттегі

академик А.Қуатбеков атындағы халықтар достығы университетін ойдағыдай бітіріп алды. Жоғары білім алған жас маман күні кеше лейтенант шенін иемденді.

«Бұл шен мені жұмысқа ынғаландырумен қатар, қызметтегі жауапкершілікті арттыраы даусыз, — дейді Руслан Игорьұлы. — Жұртшылық тарапынан күніне — 8, кейде 10 шақырту түседі. Демалыс күндері одан да көбірек. Әр шақыртуға атүсті қарауға болмайды. Сондықтан дабыл қағылған жерге міндетті түрде барамыз. Полкте жалпы саны 700-ден аса сақшы бар. Басшымыз Нұрлан Қалиев қызметімізді қатаң қадағалайды. Барлығының көңілін таба білетін ерекше кісі».

Қазіргі кезде полиция қызметкерлеріне қойылар талап күшті. Оларды шетінен спортшы деуге де болады. Русланның өзі уақтылы жүгіріп, самбо секциясына барып, басқа да спорт түрімен айналысады. Бұның қызмет барысында пайдасы тиері анық. Түрлі жарысқа қатысып, үнемі білімін жетілдіріп отырады.

«Екі қарындасым және бір өпкем бар. Бізді жақсылыққа тәрбиелеген анам рахмет. Ата-анам менің полицияға қызметке келгеніме қуанышты. Халықтан «рахмет саған» деген сөз естіп жатсам, риза боламын», — деген Руслан келешекте көп нәрседен үмітті.

Өмірден өз жолын тапқан Руслан Шмидт Нұр-Сұлтан қаласының тыныштығын күзетіп жүрген әріптестері секілді мамандығын мақтан етеді.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ



Жасы 65-ке аяқ басқан апайды көрген кісі тірлігіне тамсанбай қоймайды. Ол кісі тым ерте тұруды дағдыға айналдырған. Есік алдына суға толы сары самаурынға отын салып, ол қайнағанша сиыр мен бие сауады. Таңғы асқа отырып, ыдыс-аяқ жиналған

Гүлжамал



апаның гүлдері-ай!

соң іске қайта кіріседі. Сүт тартып, бұғы мүйізін қайнатады. Араның балын жинайды. Бөлме гүлдерін баптайды. «Көп қимылдаған кісінің көңілі көтеріңкі жүреді» деген Гүлжамал Нұртайқызы өзін-өзі осылай шындайды, шынығады.

Әсіресе кесте тоқуды жаны сүйеді. Бұл өнерді игеруінің өзі қызық. Одан артылған уақыты болса, қабырғаға іліп қоятын суреттер тігеді. Әңгіме арасында: «2012 жылы Қытайға барған кезде осы өнер түріне қызығушылығым оянды. Сөйтіп, керекті маталар мен жіптерді, тігу әдісін үйрететін кітапты да өзіммен ала келдім. Шүкір, игеріп алдым. Қазір нешетүрлі суреттерді матаға тігіп, қабырғаға іліп қоямын. Дайынын естелік ретінде немерелеріме беремін. Тіпті бір суретті екі жыл тіккен кезім болды. Осындай қиындығы да болады», — дейді.

Алтайдың әдемі жерлерінің бірі саналатын Катонқарағайда Топқайың деген ауыл бар. Өңірге барған кісіні жаздағы тамылжыған табиғаты түгілі, қатал қыс да қызықтырады. Айналаның әдемілігінен де болар, адамдары жайдары жүреді, жандүниесі де жақсылыққа толы. Төңіректегі тамаша көріністер тұрғындарға да өсер ететін болуы керек, жасы да, үлкені де әуесқой. Солардың бірі – Гүлжамал Нұртайқызы.



күшағында жатқанда бұл кісі біраз шаруаның басын қайырып үлгереді. Бәрінен де таңғы қымызды пісу мен сүт тарту қызық. Айтпақшы, биелерді күні бойына әр екі сағат сайын сауады екен. Өздері өсіретін бұғының мүйізін қайнату да




Одан қала берсе, нешетүрлі бөлме гүлдерін қыста да жайнатып ұстайды. Ал жазда ауласындағы гүлдерін көрсеніз. Бау-бақшадағы шүйігін шөппен үйлесе кететін сұлулық көршілерін де таңғалдырады. Үйдің ішінде ғана 40 шақты гүл жайнап тұр. Бірінен–

біраз уақытты алады. «Омартамен айналысу — менің хоббиім. Бұдан да басқа әуестенетін шаруам көп. Ара ұясына қант сеуіп, сонымен қоректендіріп, сапасыз бал сағатындар болады. Бал құйылған ыдыстың бетін ашқан кезде 1-2 көпіршік шықса, бал табиғи, сапасы жақсы деген сөз. Одан кейін табиғи, таза балды қасыққа құйып, шалқайтқан кезде қасықтан түспей қатып қалмайды, керісінше «төгіліп» тұруы керек. Жасанды бал өз салмағын тез жоғалтып, ыдыста ұзағырақ тұрған кезде өздігінен «отыра» бастайды», — деп кеңес берген қария туған жерден артық жер болмайтынын айтады.

Зарина ҚАҺАРМАН

JAS QAZAQ ГААБЕРЯСЫ



Бауыржан БАЙДІЛДӘ, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық өнер академиясының кескіндеме, мүсін және дизайн факультетінің деканы. Киелі қара шаңырақта өнерлі өрендердің шығармашылығын шыңдап, еліміздің мәдени дамуына үлес қосып жүрген шәкірттерді тәрбиелеп жүрген ұстаз. Сурет, кескіндеме, композиция, графика техникаларын меңгерген өнер иесінің бірқатар төл туындыларын назарларыңызға ұсынып отырмыз.



«Батыр Бауыржан» мозаика



«Төңірлі өңір»



«Көкпар»



«Біржан сал»



«Көне Шарын шаһар шатқалында»

**Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ**

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

АДАА
Бокс — спорттың тересі десек те жарасады. Ендеше, бокс десе ішкен асын жерге қоятын жұрттан сүйінші сұрағалы отырмыз. 26 қазанда Алматыдағы Балуан Шолақ атындағы мәдениет және спорт сарайында былғары қолғаппен бақ сынап жүрген қазақтың қайсар жігіттері өнер көрсетеді. Кәсіпқой бокс көшінің ұйымдастырушылары — Qazaq Promotions компаниясы мен Алматы қаласының әкімдігі.

Осыған байланысты кеше арнайы ұйымдастырылған баспасөз мәслихатына

Ел намысын қорғайды



✓ «Қазақстанда спорт түрлерінен 109 республикалық федерация, оның ішінде олимпиадалық спорт түрлерінен – 40, ұлттық спорт түрінен – 7 федерация, мүгедектер спорты түрлерінен – 3 федерация және олимпиадалық емес спорт түрлерінен 59 федерация жұмыс істейді. Отандық спортшылар жетістіктерінің халықаралық деңгейде мойындалуы ең маңызды нәтиже болып табылады»

(Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)

директоры Дархан Мұхтарбек, Qazaq Promotions компаниясының атқарушы директоры Азамат Мәди, кәсіпқой боксшы Канат Исламның және оның жеке бапкері Бағудин Беков пен АҚШ-тан арнайы келген жаттықтырушы Роджер Ромо қатысты.

Жарыс аясында 10 жекпе-жек өткізіледі және негізгі жекпе-жекте WBO Inter-Continental тұжырымының белбеуі сарапқа салынады. Бокс додасының басты жекпе-жегінде жерлесіміз Канат Ислам америкалық Уолтер Каутондоквамен кездеседі. Бұл жекпе-жекте Канат Исламға тиесілі бірінші орта салмақта WBO International чемпион атағы сарапқа салынады. Бүгінгі күні Уолтер

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Шанырақ-2 ықшам ауданы, Жанқожа батыр көшесі, 141 үй, мекенжайы бойынша орналасқан «Milttrade» ЖШС БИН 180 240 000 844 өзінің жойылуы туралы хабарлайды.

Шағым арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде қабылданады.

Каутондоква WBO нұсқасы бойынша ТОП-10 боксшының тізімінде 9-шы орында тұрғанын айта кетелік.

Жұртты аузына қаратқан былғары қолғап шеберлері АҚШ, Қытай, Еуропа елдерінен келетін атақты боксшылармен күш сынасады. Әлемдік мәні бар бөсеке қазақстандық бокстың қаншалықты деңгейге көтерілгенін тағы бір мәрте айғақтай түсері даусыз. Спорт мерекесін еліміздегі алғашқы QR TV стримингтік платформа 150 мемлекетке тікелей эфир арқылы көрсетеді.

Баспасөз мәслихатында сөз алған Канат Ислам: «Жалпы әр қарсыласқа 12 раундқа дайындалып шығамыз. Біреу әлсіздеу екен деп 1-2 раундқа ғана дайындала салайын демейсіз. Не күтіп

тұрғанын білмейсіз, ол — бокс. Ең соңғы секундқа дейін адам босануға болмайды. Кейде бір соккының өзі жеңіске жеткізеді немесе жеңіліске ұшыратады. Былайша айтқанда, тағдырынды шешеді. Бұл жерде бәрі тәжірибелі, таяқты жеген, бокс мәнерінде барлығында әккілік бар. Алғашында өзін-өзі ұстап, қарсыласын көбірек жұмыс істетіп, соңына қарай соккымен қарсыласын шаршататындар бар. Өте сак болу керек.

Менің қарсыласым өте тәжірибелі, өте әккі боксшы. Жаттықтырушым Боғаудин ағамызбен неше түрлі дайындықтар жасадық. 12 раундтың ішінде көп уақыт бар, оның ішінде барлығына үлгеруге болады. Сол жаттығуда жасаған тәжірибені рингте көрсетеміз деп ойлаймын.

Мақсатымыз — қазақтың сөзіне берік болу: «Батыр болсаң жауға найзаң тисін, бай болсаң халқына пайдаң тисін» деген аталы сөзге берікпіз. Осы жарыстан түскен қаржының барлығын қайырымдылыққа жұмсаймыз. Қолдан келсе, көмек қолын созу. Біздің ұранымыз — тек қана ел мүддесі, қазақтың мүддесі.

Басқосуда сөз алған өзге де азаматтар былғары қолғап шеберлерінің доласы ерекше әсер қалдыратынын тілге тиек етті. Біз де көк туымыздың биікте желбірейтіндігіне сенім білдірдік.

Ғалия ҚАЛИЕВА

(фотоны түсірген автор